

«Астана медицина университеті»

1 курс студентері ЖМ-128

ТУРАШБЕКОВ ШАХЗОД

УЧКУНЖАНОВИЧ және

Жұмабай Аймұрат Саламатұлы

г.Астана 2018 г.



Future continuous



Continuous Tenses шақтар тобы

Continuous шақтар тобы дәл көрсетілген уақытта болған, болып жатқан немесе болатын іс-әрекеттерді білдіреді.

Етістің екі түрі бар:


1. **Active Voice** (өздік етіс)
2. **Passive Voice** (ырықсыз етіс)

Active Voice 4 шақ түрлері бар:

1. **Present Continuous Tense** (жалғаспалы осы шақ);
2. **Past Continuous Tense** (жалғаспалы өткен шақ);
3. **Future Continuous Tense** (жалғаспалы келер шақ);
4. **Future-in-the-Past Continuous Tense** (жалғаспалы келер шақтағы өткен шақ);

Passive Voice 2 шақ түрлері бар:

1. **Present Continuous Tense** (жалғаспалы осы шақ);
2. **Past Continuous Tense** (жалғаспалы өткен шақ);



Continuous шақтар тобының **Passive Voice** түрінде келер шақ түрі жоқ.

Сөйлемнің шақ түрін баяндауыш (**Predicate**) көрсетеді.
Active Voice Continuous Tenses шақтар тобындағы баяндауыш:


be көмекші етістігі + 4 формадағы мағыналы етістік (**Participle I** - осы шақтағы есімше, белгіленуі – **V4(PI)**).

Continuous Tenses шақтар тобының негізгі формуласы:

S + be (Indefinite Tenses) + V4(PI)

Passive Voice барлық шақ түрлерінде бір жолмен жасалады: сәйкес **Active**

Voice формуласына **be + V3(PII)** конструкциясын қосамыз.



1. Present Continuous Tense (жалғаспалы осы шақ)

Формула: **S + be + V4(PI)**

Осы шақтағы (**Present Indefinite**) **be** көмекші етістігі мен мағыналы етістіктің осы шақтағы есімшесі (**Present Participle – V4(PI)**) көмегімен жасалады.

Баяндауыштың **бірінші** етістігі болып табылатын **be** көмекші етістігі бастауышпен жақ бойынша байланысады.


Баяндауыштың формуласы: **be + V4(PI)**

Дәл қазіргі уақытта болып жатқан жалғаспалы іс-әрекетті білдіру үшін қолданылады. Бұл іс-әрекеттің бұрында басталып, қазіргі уақытқа дейін жалғасып жатқанын көрсетеді.

I am writing a letter. – Мен хат жазып отырмын.

You are writing a letter. – Сен хат жазып отырсың.

He (she, it) is writing a letter. – Ол хат жазып отыр.



2. Past Continuous Tense (жалғаспалы өткен шақ)

Формула: **S + was/were + V4(PI)**

Past Continuous шағы **be** көмекші етістігінің өткен шақ (**Past Indefinite**) формасы – **was, were** және мағыналы етістіктің 4 формасы – **V4(PI)** арқылы жасалады.

Баяндауыштың **бірінші** етістігі болып табылатын **be (was, were)** көмекші етістігі бастауышпен жақ бойынша байланысады.


Бұл ағылшын тіліндегі өткен шақта (**Past Indefinite**) жақ бойынша өзгеретін жалғыз етістік.

Баяндауыштың формуласы: **was/were + V4(PI)**

Өткен шақтағы белгілі бір уақытта басталып, сол туралы айтқан кезде әлі де жалғасып жатқан оқиғаны білдіреді.

Оқиға байланысты болуы мүмкін:

.



1) уақытқа, мезгілге, күнге т.б;


I was working in my garden on Friday morning. – Жұма күні таңертең мен бақта жұмыс істеп жаттым.

Linda was listening to the radio at eight o'clock last night. – Кеше кешкі сағат 8-де Линда радио тыңдап жатты.

2) қысқа мерзімді оқиғаға;

Бұл жағдайда **Past Continuous Tense** бағыныңқы құрмалас сөйлемде өткен шақтың бір түрімен қолданылады.

When I came in he was speaking to my friend. – Мен келген кезде ол менің досыммен сөйлесіп жатты. *дождь*



3. Future Continuous Tense (жалғаспалы келер шақ)

Формула: **S + shall/will + be + V4(PI)**

Future Continuous шағы **be** көмекші етістігінің келер шақ (**Future Indefinite**) формасы – **shall/will + be**, және мағыналы етістіктің 4 формасы – **V4(PI)** арқылы жасалады.

Бұл шақ формасындағы сөйлемдерде жаққа байланысты **shall** немесе **will** қолданылады.


shall көмекші етістігі бірінші жақта, **will** – екінші, үшінші жақтарда қолданылады.

Қазіргі ағылшын тілінде **will** бірінші жақта да қолданылады.

Баяндауыш формуласы: **shall/will + be + V4(PI)**

Болашақта белгілі бір уақытта болатын оқиғаны баяндау үшін қолданылады.

Оқиға байланысты болуы мүмкін:




1) уақытқа, мезгілге, күнге т.б;

I will be answering his letter in the evening. – Мен кешке оның хатына жауап беріп жататын боламын.


At this time tomorrow night, Jack will be practicing the violin. – Ертең кешке осы уақытта Джек скрипкада жаттығып жататын болады.

At 8 P. M. he will be working on his master's essay. – Кешкі сағат 8-де ол өзінің магистрлік диссертациясымен жұмыс істеп жататын болады.



2) қысқа мерзімді оқиғаға;
Бұл жағдайда **Future Continuous Tense** құрмалас сөйлем ішінде **Present Indefinite Tense** шағымен қолданылады.

I will be working when you return. – Сіз қайта оралғанда мен жұмыс істеп жататын боламын.



Future-in-the-Past Continuous Tense (жалғаспалы келер шақтағы өткен шақ)

Формула: **S + should/would + be + V4(PI)**


Future in the Past (Өткен шақтағы келер шақ) сабақтас құрмалас сөйлемдерде қолданылады.

Басыңқы сөйлемдегі етістік жалпы өткен шақта тұрса, бағыныңқы сөйлемдегі етістік өткен шақтардың бірінде тұрады.

shall, will етістіктері – **should, would** болады.

I thought he would be reading the article when I returned. – Мен қайта оралғанда ол мақаланы оқып жатады деп ойладым.

Жоғарыда берілген материалды есте сақтауға **Кестелер** менюіндегі **Continuous Tenses** пунктіндегі кесте көмектеседі



BYE-BYE

